



Автор: Байсаматова Бахыт Мырзабековна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Жазбаша көбейту және бөлу

Тақырып: Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту. Қазақ хандығының негізін қалаушылар.

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 3.1.2.10 мынадай жағдайларда $23 \cdot 2$, $46:2$ екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: $23 \cdot 2$ жағдайында екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту алгоритмін қолданады. Бірқатар оқушылар: $23 \cdot 2$ жағдайында екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейтуді алгоритммен сәйкестендіруге түсінік береді. Кейбір оқушылар: $23 \cdot 2$ жағдайында екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейтуді түсіндіре алады. |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар: Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту мен бөлудің жазбаша тәсілдерін түсіндіреді. Пәндік лексика және терминология: Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту мен бөлудің жазбаша тәсілдері. Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл. Талқылау: Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейтуді баған түрінде жазу ыңғайлы. Бірліктерді бірлікке көбейтіп, бірліктердің астына жазады. Ондықтарды ондықтарға көбейтіп, ондықтардың астына жазады. Екі таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейтуді баған түрінде жазыңдар, мүмкіндіктер тармағын құрастыру. |
| Күтілетін нәтиже: | Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейте білу және бөле білу. Қазақ хандығының негізін қалаған хандар жөнінде мәлімет алуын күтеміз. |
| Бағалау критерийлері: | Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу. Сөз есептерді көбейту мен бөлу амалын қолданып орындай алу. |
| Құндылықтарды дарыту: | Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың заңдарымен таныстыру арқылы ел заңына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Заңның бұрыңғы ғасырда пайда болғандығын түсіндіру. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интерактивті тақта. Бейнежазба. Хандарға байланысты |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ тілі, тарих |
| Бастапқы білім: | Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту. |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|------------------------|-----------|
|-----------------|------------------------|-----------|

| | | |
|--------------------------------------|---|--|
| <p>Сабақтың басы (0-7 минут)</p> | <p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.</p> <ol style="list-style-type: none">1.Шаттық шеңбері.2.Топ ережесі.3.Тақырыптың тын ашу. Балалар өтілген тақырыпты қайталау арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын ашайық.оқушылар ұяшықты таңдайды сол арқылы сұраққа жауап береді. <p>Сұрақтар:1. Текшенің неше жағы бар? 2.Текшенің неше төбесі, неше қабырғасы бар? 3.Текшенің көлемін қалай табады? 4.Фигураның периметрін қалай табуға болады? 5. Көбейтудің заңы. 6.Қосудың заңы. 7. Тік бұрышты үшбұрыштың ауданын қалай табады? 8. Көбейтудің компоненті.</p> <p>Сонымен бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы "Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу."</p> <p>Енді дәптерімізді ашып бүгінгі күнді және көркем жазуды орындайық.Ақпанның 10 - ы. Сынып жұмысы.</p> <p>Қасым ханның суретін көрсетіп балаларға Қазақ хандығының негізін қалаушылар туралы мәлімет беру.</p> | |
|--------------------------------------|---|--|

| | | |
|---------------------------------------|--|--|
| <p>Сабақтың ортасы (25 минут)</p> | <p>1 тапсырма . Берілген сандарды кему ретімен орналастыру арқылы Қасым хан мен Есім ханның заңдарын оқи аласыңдар. Жүппен жұмыс. Сандарды алдарына беремін. 95 , 119, 264, 48. "Қасым ханның қасқа жолы" 16,80,159,238 "Есім ханның ескі жолы"</p> <p>Оқушылар әр тапсырма сайын өз өздерін дескриптор бойынша бағалап отырады.</p> <p>Дескриптор: Сандарды кему ретімен жаза аламын. Мақалды оқи аламын.</p> <p>Кері байланыс: Шапалақ арқылы.</p> <p>Келесі тапсырма. Математикалық диктант</p> <p>Дескриптор: Екі таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша көбейте аламын. Екі таңбалы санды бір таңбалы санға ауызша бөле аламын.</p> <p>- 21 мен 3 тің көбейтіндісі нешеге тең? -63 пен 3 тің бөліндісі қаншаға тең? 33 пен 2 нің көбейтіндісі нешеге тең? 88 бен 4 тің бөліндісі нешеге тең? 11 мен 3 тің көбейтіндісі нешеге тең? 66 мен 3 тің бөліндісі қанша болады? 31 мен 3 тің көбейтіндісі нешеге тең? 88 бен 2 нің бөліндісі қаншаға тең болады?</p> <p>Бағалау. Жүппен жұмыс "Сен маған, мен саған" әдісі арқылы бағалайды. Егер де 8 тапсырманың 6 - 8 і дұрыс болса , онда жасыл түспен бояймыз. егер де 8 тапсырманың 0-5 дұрыс болса онда қызыл түспен бояймыз.</p> <p>3 тапсырма . Жеке жұмыс. Бірінші қатарға алдыңғы екі қатары, екінші қатарға соңғы екі қатары. Бағалау критерийі: Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту. $31*2 = 62$ $13*2 = 26$ $21*4 = 84$ $14*2 = 28$ $13*3 = 39$ $32*2 = 64$ $22*4 = 88$ $33*3 = 99$. Дескриптор: Екі таңбалы санды баған түрінде көбейте аламын. Көбейтіндінің мәнін таба аламын. Тақтаға жауабын ілемін. Ал енді тақтаға қарап жауабын тексерейік. Мен оқимын. Кері байланыс. Бағалау парақшасына белгілеу.</p> <p>4 тапсырма. №3 Тақтамен жұмыс.</p> <p>Бағалау критерийі: Амалдардың орындалу тәртібін анықта, Баған түрінде есепте.</p> <p>Тақтаға екі оқушы шығып орындайды. Сосын тағы екі оқушы шығады.</p> $1000 - (425 - 403) * 4 = 912 \quad 520 + 21 * 4 + 136 = 740 \quad (399 - 366) * 3 + 298 = 397$ $32 * 3 + 44 * 2 \text{ тең } 184$ <p>Дескриптор: Амалдардың орындалу тәртібін анықтай аламын</p> <p>Баған түрінде есептей аламын</p> <p>Өрнектің мәнін таба аламын</p> <p>Сергіту сәті. Музыка бойынша билету</p> <p>5 тапсырма топпен жұмыс. Ойын «Кім жылдам» Сөз есеп шартын қағазға жабыстыру арқылы құрастырады. Дайын болған жұп алдыға шығып көрсетеді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Топ: Бір шаруаның 9 жылқысы және одан 5 еуі артық құлыны болыпты. Шаруада барлығы неше малы бар? 2. Топ: Ханзада бір күнде 2 ыдыс шұбат, 4 ыдыс қымыз ішеді екен. Сонда шұбаттың қымыздан қаншасы кем? 3. Топ: Қасымханның 400 ақ жылқысы, және одан 250і артық қара жылқысы болыпты. Барлығы қанша жылқы? 4. Топ: Абай ауылында наурыз айында 5 ат жарысы және сәуір айында одан екі есе артық ат жарысы болыпты. Осы екі айда барлығы неше жарыс болған? <p>Дескриптор: Мәтінді есептің шартын құрастыра аламын. Мәтінді есептің сұрағын қоя аламын Есептің өрнегін құрастыра аламын. Жауабын жаза аламын.</p> <p>Сөздік бағалау «Жарайсыңдар!», «Өте жақсы!», «Керемет!» Енді өз -өзімізді бағалайық. Бағалау парақшасына түспен белгілейді. Мен айтып тұрамын. Дескриптор бойынша : Мәтінді есептің шартын дұрыс құрастыра алдықпа, қай жұп дұрыс құрастырды жасылмен бояймыз. Дұрыс құрастыра алмаған жұп қызылмен бояймыз.</p> | |
|---------------------------------------|--|--|

| | | |
|------------------------------------|---|--|
| <p>Сабақтың соңы (5 минут)</p> | <p>6 тапсырма. Логикалық тапсырма: «Не? Қайда? Қашан? » Тапсырманы 3 топқа бірдей оқимын. Сосын 3 топтың да жауабын тыңдаймын. Сосын дұрыс жауапты айтамын. Егер барлығы бірдей дұрыс жауап берген болса , онда бірінші жауап берген топ қа ұпай беріледі. Бір жанұяда бес ұл бар. Олардың әрқайсысының қарындасы бар. Сол жанұяда қанша бала бар? Жауабы:5+1=6 Үстел үстінде үш кесе қымыз тұр. Марат бір кесе қымызды ішіп қойды. Неше кесе қымыз қалды? Жауабы: үш кесе. Алдар көсенің үйінің бөлмедегі әр бұрышта бір мысықтан және оған қарама-қарсы үш мысықтан отырса, бөлмеде неше мысық бар? Жауабы: 4 мысық Айдынның Асқардан бойы ұзын, бірақ Жанаттан кіші. Кім ұзын? Шешімі: Жанат – ұзын. Бұл ойыннан жеңімпаз болған топқа приз беремін.</p> | |
| <p>Рефлексия (2 минут)</p> | <p>Сабақты қорытындылау. Біз бүгін қандай тақырыпты өттік? Қандай есептер шығардық? Қандай тапсырма қызықты болды? Қандай тапсырма қиын болды? Тәуке ханның заң кітабы қалай аталды? Қасым ханның заңына неше заң қосты? Ал енді бағалау парағындағы түстерінді санап өз өзімізге баға берейік. . Түстерін санау. Үй жұмысы: Бағалау. Рефлексия. Бүгінгі сабақтан алған әсерін смайликке жабыстыру</p> | |